

*Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті*

*Қазақстан тарихы және әлеуметтік- саяси пәндер кафедрасы*

## *СӨЖ*

*Тақырыбы: “Мемлекеттік реттеу: маңызы, мақсаттары, құралдары. Мемлекеттің әлеуметтік және аймақтық саясаты”*

*Орындаған: Абдухамитова А.*

*110 топ ЖМФ*

*Тексерген: Жұмадилов С.С*

*Қарағанды 2011ж.*

# Жоспар:

1. Кіріспе
2. Экономикаға мемлекеттің араласуының объективті қажеттілігі
3. Экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігі
4. Экономиканы мемлекеттік реттеудің мақсаттары
5. Экономиканы мемлекеттік реттеудің құралдары
6. Экономиканы мемлекеттік реттеудің экономикалық қызметі
7. Экономиканы мемлекетті реттеудің әдістері мен ұйымдастыру негіздері
  - 7.1. Қазақстан Республикасы Конституциясы басқару органының құрлымы және оның қызметі туралы.
  - 7.2. Экономиканы мемлекеттік реттеудің тұжырымдамасы
  - 7.3. Келешектегі экономикалық даму көрсеткіштерінің негізделу әдістері
  - 7.4. Экономиканы мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесін пайдаланудың ерекшеліктеріне тоқталамыз
8. Монополияға қарсы реттеу және баға мониторингі
  - 8.1. Монополиялар және мемлекеттік реттеу
  - 8.2. Мемлекет тарапынан тұрақты көңіл аудару мен реттеудің объектісі баға болып табылады
9. Елдің әлеуметтік- экономикалық дамуын жоспарлау, бағдарламалау және болжау

# Кіріспе

1776 ж. Адам Смиттің “Халықтар байлығының табиғаты мен себептерін зерттеу” еңбегі жарық көрді, онда ол “мейлі бәрі өзінше жүрсін” тезисін жариялады. Мемлекет нарықтық экономикаға араласпауы керек, бірақ ол “түнгі қарауылдың” ролін атқарып, жалпы тәртіптілікті қамтамасыз етеді. 1936 ж. шыққан “Еңбекпен қамту, өсім мен ақшаның жалпы теориясы” еңбегінде мемлекеттің экономикаға араласуының қажеттілігін айтты. Ол экономикалық дағдарысты, жаппай жұмыссыздықтың тууын ескертіп отыруы керек. Алайда мемлекет, Дж. Кейнстің кеңесін тыңдай отырып, экономикалық қызметтерден бас көтере алмай, жаңа міндеттерді шеше алмады. Батыс елдерінде 70- шы жылдардың ортасында тағы да экономикалық дағдарыстар лап ете қалды. Осы толқынның арқасында Дж. Кейнстің көзқарасын жоққа шығаратын тұжырымдар пайда бола бастады. Олар нарықтық экономикаға мемлекеттік араласпау идеясын дәріптеді.

Бұл тұжырымдар “**неоклассикалық**” (“неолибералдық”) деп аталды. Оның авторлары неміс экономисі Фридрих Август фон Хайек (1899- 1984) пен американ экономисі Милтон Фридмен (1912ж.) және басқалары болды.

Американ экономисі Дж. Гэлбрейт (1908 ж.) “**салмақтылық**” күш теориясын ұсынды. Оның айтуынша, еркін нарықтық экономикада реттеу механизмі жоқ, ал оның орнын “салмақтылық” күш ауыстырып, монополияға қарсылық білдіреді және олардың қысымын басып отырады. Дж. Гэлбрейт “салмақтылық” күшке алдыменнен мемлекетті жатқызады. Мемлекеттің араласуының басты мақсаты- экономиканың дұрыс қызмет атқаруы, дағдарысқа қарсы бағдарламалар, әлеуметтік инвестициялау: мектеп, аурухана, тұрғын үй, жол салу және қауқары төмен аудандарға көмек жасау болмақ.

Басқада белгілі американ экономисі, “**аралас экономика**” теориясының өкілі Пол Самуэльсон былай деген: “Біздің экономикалық жүйе- еркін кәсіпкерлердің “аралас” жүйесі болып табылады, себебі экономикалық бақылау қоғам тарапынан жүзеге асады”.

Өртүрлі экономикалық жүйедегі мемлекеттің экономикалық рөлі жайлы теория К. Маркс пен В.И. Лениннің еңбектерінде терең қаралған. В.И. Лениннің жаңа экономикалық саясат негізінде (ЖЭС) 1921 жылы Ресей экономикасына нарықтық қатынастарды ендіру кезіндегі мемлекеттің рөлі жайлы ойлары өте құнды.

Жаңа экономикалық саясат еркін сауданы ендіруді межелеп, жаңа жағдайдағы мемлекеттің рөлін анықтады.

В.И. Ленин былай деп жазды: “мемлекеттің бақылауынан қашпайтын дұрыс саудадан біз қашпауымыз қажет, оны дамыту бізге ыңғайлы”. Нарықтық экономиканы өте терең зерттеген ағылшын экономистері- Дж. Кейнс, Рой Харрод (1890- 1978 ж.ж.), Джоан Робинсон (1903 ж.) және американ экономисі Элвин Хансен (1887- 1975 ж.ж.) болды.

Қазақстан Республикасы аралас әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика жолына түсті. Осы жағдайды ескере отырып, біз енді мемлекеттің экономикалық қызметін қарастырамыз.

## Экономикаға мемлекеттің араласуының объективті қажеттілігі

Экономиканы мемлекеттік реттеудің (ЭМР) нарықтық шаруашылық жағдайындағы мазмұны, қолданып жүрген әлеуметтік-экономикалық жүйені өзгерген жағдайға бейімдеу және тұрақтандыру мақсатында құқығы бар мемлекеттік мекемелер мен қоғамдық ұйымдарда жүзеге асырылатын заңдық, атқарушы және бақылау сипатындағы типтік шаралар жүйесі болып табылады.

Нарық шаруашылығының даму барысында, жеке меншік шеңберінде шешілмейтін, яғни экономиканың өзін-өзі реттеу қағидалары негізінде экономикалық және әлеуметтік проблемалар туындайды және шиеленіседі. Өндіріс күшінің дамуы елеулі инвестицияның қажеттілігін туғызады, өндірісті мамандандыру, капиталдың шоғырлануы күшейді, өндіріс пен капиталдың бірігуі, әр түрлі елдің бір-бірімен өзара тәуелділігі өсті. Сонымен бірге қоғам дамуының белгілі бір сатысында еңбек пен капиталдың арасындағы қарама-қайшылық күшейе түсті, жаппай жұмыссыздық пайда болды, экономикалық дағдарыстар салалық шеңберден асып, жалпы ұлттық кейін әлемдік дағдарыстарға айналды. Монополияның үстемдігіне әкелген, бәсекелестікті күшейткен ақша айналымының бұзылуы, нарықтың әрі қарай тиімді дамуына көмектесетін (экономикалық саясатты жүргізу), нарық пен іс-әрекеттің қарама-қайшылықтарының жұмсаруына әкелуге тиісті сыртқы күштің әсерін, атап айтқанда мемлекет күшін талап етеді.

# Экономиканы мемлекеттік реттеудің қажеттілігі

Нарық экономикасына мемлекеттік араласу қатынасы оның дамуы мен қалыптасуының әр түрлі сатысында түрліше болды. XVII-XVIII ғасырлардағы нарықтық қатынастардың қалыптасу кезеңінде үстем болған экономикалық доктрина-меркантилизм – елдегі сауда мен өндірістің дамуы үшін, мемлекеттік реттеудің сөзсіз қажеттілігін тануға негізделген.

Нарықтық атынастардың дамуымен күш жинаған кәсіпкерлер табы мемлекеттік араласуды және осымен байланысты шектеуді өз қызметтеріне кедергі ретінде қарастыра бастады. А. Смит өзінің «Табиғат және халықтың баюының себептері туралы зерттеу» еңбегінде, экономикалық либерализм идеяларының пайда болуын алғаш рет толық негізделген және оның көптеген жақтаушылары болды.

А. Смит көзқарасы бойынша, пайда алуға ұмтылуға байланысты, жеке мүлде көздеген нарық жүйесі өзін-өзі реттеуге қаблетті екенін байқатты. Бұл мүлде экономикалық дамудың ең басты қозғаушы ретінде көрінеді.

А.Смиттің іліміндегі идеяларының бірі, экономикадан мемлекеттік реттеуді алып тастаса, онда экономика тиімді қызмет етеді деген идея болатын. А. Смит: рынок басты реттеуші болатындықтан, рынокқа толық еркіндік беру қажет,- деп есептеді.

Рыноктық үйлестіру ресурстардың тиімді пайдалануды қамтамасыз етпегенде, нарық сәтсіздігі деп аталатын жағдай болатынын экономикалық тәжірибе растады. Рыноктағы нарық сәтсіздігі қоғамның игілігі мен сыртқы әсерлерге ғана емес, басқа жағдайларға да байланысты пайда болады. Оның ең маңызды себебі – рынокқа тән монополияланған беталыс. Бұл жағдайда бәсекелесті қамтамасыз ету үшін, рынок қызметін реттейтін жағдайды толық анықтау – монополияға қарсы заңды әзірлеу және оны мемлекеттің қолдануы өмірлік қажеттілік болды.

Нарық экономикасында мемлекеттің рөлін теориялық танудың маңызды сатысы көрнекті ағылшын экономисі Дж.М. Кейнстің есімімен байланысты.... «Кейнсиан революциясы» барысында алға қойылған идеялар, экономикалық құлдыраудан өз бетімен сауығудың мүмкін емес екенін, мемлекеттік саясат экономиканы дағдарыстық жағдайдан шығару үшін, жиынтықты сұраныс пен жиынтықты ұсынысты теңдестіруге және әрі қарай тұрақтандыруға көмектесетін қабілетті құрал ретінде қажет екенін дәлелдеді. Дж.М. Кейнс идеяларын екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемнің көптеген елдері қабылдады. Сұраныс жиынтығын реттеуде кредиттік-ақшалы және қаржылық саясатты пайдалану, бұл елдердегі экономиканың кезеңдік ауытқуларын жұмсартуға көрсетеді деп есептеледі.

Сөйтіп, ЭМР-дің (экономиканы мемлекеттік реттеудің) объективті мүмкіндігі экономикалық дамудың белгілі бір деңгейіне жетумен, өндіріс пен капиталдың үйлесуінде, өндірістің шоғырлануында, өндіріс күші мен өндіріс қатынастарының дамуында пайда болды. ЭМР қазіргі замандағы жағдайда ұдайы өндіріс үдерісінің құрамды бөлігі болып табылады. Олар экономикалық өсуді ынталандыру, жұмыспен қамтамасыз етуді реттеу, салалық және аймақтық құрылымдағы ілгерілеушілікті көтермелеу, экспортты қолдау сияқты әр түрлі тапсырмаларды шешеді. ЭМР-дің көлемінің нақты нысаны қоғам дамуындағы әр сатыдағы сипатпен, экономикалық және әлеуметтік мәселелердің өткірлігімен анықталады.

ЭМР-дің объектілері – бұл автоматты түрде шешілмейтін, немесе алыс келешекте шешілетін қиындықтар, проблемалар пайда болуы мүмкін немесе пайда болған еліміздің өміріндегі әлеуметтік жағдай мен оқиғалардың аялары, салалары, аймақтары, сонымен бірге бұл проблемалардың алып тасталуы - әлеуметтік тұрақтылықты қолдау және экономиканың қалыпты дамуы үшін қажетті.

ЭМР-дің негізгі объектілеріне:

- шаруашылықтың экономикалық кезеңін, секторлық, салалық және аймақтық құрылымын;
- капитал жинақтау жағдайын;
- жұмыспен қамтамасыз етілуін , ақша айналымын;
- төлем балансын; бағасын;
- бәсекелестік жағдайын;
- әлеуметтік қатынастарын;
- әлеуметтік қамтамасыз етілуін;
- кадрларды дайындауы мен қайта дайындауын;
- қоршаған ортаны;
- сыртқы экономикалық байланыстарды жатқызады.



Мемлекеттің кезеңдікке қарсы немесе шаруашылық жағдаятын реттеу саясатынын мәні тоқырау мен дағдарыс кезінде тауарлар мен қызметке сұранысты қолдау мен капитал салу және жұмыспен қамтамасыз етуден тұрады. Ол үшін жеке капиталға қосымша қаржылық жеңілдіктер беріледі, мемлекеттік шығындар мен инвестициялар өсіріледі.

Экономиканың ұзақ мерзімді көтерілу кезінде, тауар қорларының азаюы, импорттың өсуі және баланс төлемінің нашарлауы, жұмыс күшіне сұраныстың күшеюі тәрізді қауіпті жағдайлар пайда болуы мүмкін және осыдан келіп, баға мен еңбекақының негізсіз өсуіне әкеледі. Мұндай жағдайда, ЭМР-дің міндеті - «экономиканың қызып кетуіне» жол бермеу үшін, яғни тауарларды артық өндіру мен артық қорланудың мүмкін болуына кедергі жасау үшін, сұраныстың күрделі қаржы жұмсалымының және өндірістің өсуіне жол бермеу қажет.

ЭМР сонымен бірге, аумақтық құрылым мен салалық шеңберде маңызды рөл атқарады. Мұнда қаржылық ынталандыру мен мемлекеттік күрделі қаржы жұмсалымы көмегімен бөлек салалар мен аймақтарға артықшылықты жағдай қамтамасыз етіледі: бір жағдайда созылмалы дағдарыста қалған шаруашылық бірліктері мен салаларына қолдау көрсетіледі; басқа жағдайда – салалардың ішінде, салалар арасында және барлық халық шаруашылығында оның тиімділігін көтеруде және бәсекелестік қабілетін арттыруда құрылымдылық ілгерілеушілікке әкелетін, өндірістің түрлері мен жаңа шаруашылық саласының дамуы көтермелейді. Сонымен бірге, өндірісті шектен тыс шоғырландыруға кедергі жасауға шаралар қабылдануы да мүмкін.

Экономика мемлекеттік реттеудің объектісі-капиталды жинақтау болып табылады. Әр түрлі уақытта инвесторлар үшін экономикалық кезең мен құрылымға ықпал ететін, қосымша ынталандырулар жасалады.

Жұмыспен қамтамасыз етуді реттеу – бұл нарықтық экономика көзқарасы тұрғысынан жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныс арасындағы қатнастарды қалыпты қолдау. Бұл қатнастар еңбекақысы еңбекке жеткілікті тартуға қызмет ететін экономиканың білікті және тәртіпті қызметкерлерге деген талабын қанағаттандыруы тиіс. Бірақ сұраныс пен ұсыныстың арасындағы қатынастар ұлттық бәсекелестік қабілетке кері әсер ететін еңбекақының шектен тыс өсуіне апармауы тиіс. Жұмыспен қамтамасыз етудің қажетсіздігі және тез төмендеуі жұмыссыздар армиясын көбейтуге, тұтынушы сұранысының, салық түсімінің төмендеуіне, жәрдемақыға салықтың өсуіне және қауіпті әлеметтік нәтижелерге әкеледі.

Ақша айналымын реттеуде ерекше назар аударылатын негізгі бағыттар: инфляциямен күрес, баланс төлемінің жағдайына әсер ету, ұлттық валюта бағамының көтерілуі мен төмендеуі, (валюталық «дәлізді» анықтау), халықаралық экономикалық интеграцияға қатысу.

Реттеудің тағы бір маңызды объектісі баға болып табылады. Бағаның серпіні мен құрылымы экономиканың жағдайын көрсетеді. Сонымен бірге сол баға шаруашылық құрылымына, күрделі қаржы жұмсалымының жағдайына, ұлттық валютаның тұрақтылығына күшті ықпал етеді.

ЭМР объектілерінің шешілетін міндеттерге фирманың деңгейінен, салалардың ұлттық және интернационалдық деңгейіне дейін байланысты айырмашылықтары және иерархиялық сипаты болады.

# Экономиканы мемлекеттік реттеудің мақсаттары

ЭМР-дің мақсаттары. ЭМР-дің ең басты мақсаты – экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық, шетелде және елдің ішінде қоғамдық құрылымды нығайту. Осы басты мақсаттан иерархиялық тәуелділікте болатын көптеген нақты жағдайлар пайда болады. Бұл нақты мақсат, яғни экономикалық кезеңді тегістеу объектісіне бағытталған. Шаруашылықтың салалық және аймақтық құрылымын жетілдіру секторлық, салалық және аймақтық құрылымға бағытталған. Көбіне жеке мақсаттарға дараланып қол жеткізу мүмкін емес.

Мемлекет экономикаға араласқан кезде алдына мынадай мақсаттар қояды:

- Экономиканың дұрыс қызмет атқаруын қадағалау;
- Дағдарысқа қарсы бағдарламалар мен жобалар;
- Әлеуметтік инвестициялау;
- Тұрақтылықты сақтау және өзгерістерге қарай экономиканы бейімдеу;
- Макроэкономиканың тұрақтылықты сақтай отырып, мемлекеттің ішкі сыртқы байланыстарын нығайту;
- Әр адамға дербес жолын таңдауға және экономикалық өзін-өзі айқындауға, әлеуметтік, Ұлттық және саяси мүдделерін іске асыратын демократиялы қоғам құру;
- Импорт пен экспортты жетілдіру;
- Әлемдік сауданы дамыту үшін.

# Экономиканы мемлекеттік реттеудің құралдары

ЭМР-дің құралдары. Экономикалық қызметтерді жүзеге асыру үдерісінің мемлекет алдында тұрған міндеттерді шешу үшін мемлекет өкімінде бірнеше құралдар болады. Олардың ішіндегі маңыздыларына - қазыналық және қаржылық саясат, әлеуметтік саясат пен табыстарды реттеу саясаты; сыртқы экономикалық саясат және т.б. жатады.

Мемлекеттік реттеудің құралдары: әкімшілік және экономикалық деп бөлінеді. Әкімшілік құралдары қосымша материалдық ынталандыруды құрумен немесе қаржылық залалдың қауіптілігімен байланысты емес. Ол мемлекет билігінің күшіне, яғни тыйым салу, рұқсат беру, күштеуге негізделеді (мысалы, үкімет Мәскеу шектерінде кәсіпорын салуға тыйым салды. Ол салық пен айыппұлды көбейткен жоқ, тек лицензия беруді тоқтатты). Мемлекет өндірістік кәсіпорындарды сол жерде кәсіптік оқытуға, өндірісте жұмыс істейтін жұмысшылар үшін тұрмыстық жағдай жасауға күштеу шарасы арқылы мәжбүрлейді.

Нарықтық экономикалы дамыған елдерде реттеудің әкімшілік құралы елеусіз көлемде пайдаланады. Олардың қызметінің аясы негізінен қоршған ортаны қорғаумен, әлеуметтік әлсіз қорғалған тұрғындар үшін жағдай жасаумен шектеледі.

Мемлекеттік  
реттеудің  
негізгі  
құралдары

Несие- ақша  
саясаты

Фискалдық  
саясат

Әлеуметтік  
саясат

Сыртқы  
экономикалық  
саясат

Әкімшілік  
реттеу

Қысқа мерзімді  
реттеу

Ұзақ мерзімді  
реттеу

Аймақтық реттеу

Мемлекеттік реттеудің экономикалық  
құралдарының  
саясаты

```
graph TD; A[Мемлекеттік реттеудің экономикалық құралдарының саясаты] --> B[ақша - кредит қаржылары]; A --> C[бюджеттік];
```

ақша - кредит қаржылары

бюджеттік

## Негізгі экономикалық құралдар

```
graph TD; A[Негізгі экономикалық құралдар] --> B[есепке алу мөлшерін реттеу]; A --> C[елдің қаржылық институттары орталық банкте сақтауға міндетті ең аз резервтер мөлшерін белгілеу мен өзгерістері]; A --> D[мемлекеттік мекемелердің бағалы қағаздар рыногындағы мемлекеттік міндеттемелер эмиссиясы олармен сауда жасау және өтеу сияқты операциялары];
```

есепке алу мөлшерін реттеу

елдің қаржылық институттары орталық банкте сақтауға міндетті ең аз резервтер мөлшерін белгілеу мен өзгерістері

мемлекеттік мекемелердің бағалы қағаздар рыногындағы мемлекеттік міндеттемелер эмиссиясы олармен сауда жасау және өтеу сияқты операциялары



# Экономиканы мемлекеттік реттеудің экономикалық қызметі

Мемлекет орындайтын қызметтерге ең алдымен мыналар жатады:

- стратегиялық;
- демографиялық;
- техникалық;
- әлеуметтік;
- экономиканың қызмет ету үшін құқықтық негіздерді құру мен реттеу;
- монополияға қарсы реттеу;
- макроэкономикалық тұрақтандыру саясатын жүргізу;
- ресурстарды орналастыруға ықпал ету;
- табыстарды бөлу аясындағы қызмет;
- мүліктік қатнастар субъектісі ретіндегі мемлекет қызметі

Заңдық базаны құру – бұл барлық тауар өндірушілер, тұтынушылар және мемлекеттің өзі іс - әрекетінде жетекшілікке алуға тиісті экономикалық агенттің тәртібінің ережесін, экономикалық араласудың заңдық қағидаларын белгілеу. Бұл ереженің ішінде жеке меншіктің құқығын қорғайтын, кәсіпкерлік қызметтің нысанын, кәсіпорынның қызмет ету жағдайын, олардың өзімен және мемлекет арасындағы өзара қатнастарды анықтайтын заңдар мен нормативті актілерді атап өтуге болады.

Макроэкономикалық тұрақтану экономикалық өсумен, жұмыспен толық қамтамасыз етілуімен және бағаның тұрақты деңгейімен байланысты.

Ресурстарды қайта бөлу өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірісіне қатысты болуы мүмкін. Әрбір нақты жағдайда мемлекеттік ықпал етудің белгілі бір түрлері қолданылады. Салықтар, демеу қаржылар, тікелей реттеу және т.б. – құралдар ретінде қолданылуы мүмкін.

Бәсекелестік тетіктерін қамтамасыз етудегі бөлу - әлеуметтік топқа жіктелуге және кедейлікке әкеледі. Қоғам әлеуметтік қорғау бағдарламасында қолданылған, табыстарды салықты қайта бөлу арқылы ауқатсыз азаматтарға қамқорлық жасауды өз мойнына алады.

Мемлекеттік меншік – сату-сатып алу объектісі болмайтын және пайда әкелмейтін ұлттық игілікті көрсетеді. Мемлекеттік меншіктің қалыптасу көзі мемлекет меншігіне айналдыру және мемлекеттік кәсіпкерлік болып табылады.

# ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

**Қазақстан Республикасы Конституциясы басқару органының құрлымы және оның қызметі туралы.**

Біздің мемлекеттің Конституциясында : «Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет және өзін зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады», - деп атап көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Конституциясы мемлекеттің Негізгі заңы ретінде төмендегіге қатысты негізгі ережелерді бекітеді:

- республиканың мемлекеттілігін;
- басқару нысанын;
- мемлекеттік және мемлекеттік емес субъектілерді өзара қатнастарының тәсілдерін;
- адамдар мен азаматтардың құқықтары мен міндеттерін.

Мемлекеттік құрлығы құрлымында мемлекеттік билікті заңдық, атқарушылық және соттық (ҚР Конституциясы 3-бап) бөлулер деп бар екенін атап өтеді.

Мемлекеттік органдардың құзыреттілігі Конституцияда анық бөлініп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Президентті мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағытын анықтайтын және Қазақстанды ел ішінде және халықаралық қатынастарда таныстыратын мемлекет басшысы және оның жоғарғы лауазымды тұлғасы болып табылады. Елдің Президентті конституциялық заңға сәйкес, ҚР жасы толған азаматтармен жалпы, тең және тікелей сайлау құқығымен 7-жыл мерзімге сайланады.

Заңдық қызметтерді жүзеге асыратын жоғарғы өкілетті орган, сенат пен мәжілістен тұратын парламент болып табылады. Заң шығарушы билік экономиканы басқару тетігінің негізгі болып табылатын заң актілерін әзірлейді және қабылдайды. Үкімет республикада атқарушы билікті жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады және оның қызметіне жетекшілік етеді. Өзінің барлық қызметімен ол президент алдына жауапты, сондай-ақ парламент алдына жауап береді. Экономиканы реттеу аясында үкіметтің міндеті – елдің барлық азаматтарының игілігі үшін, экономиканы дағдарыссыз және тиімді дамуы үшін жағдай тудыру. Премьер-министрдің міндетіне салалық министрліктер мен ведомстволарды басқару және бағыттау енеді. Сот билігі биліктің заң органдарымен қабылданған заңдардың қатаң сақталуын қадағалайды. Ол жоғарғы сот және Конституциялық Кенесті жүзеге асырады. Мемлекетті басқару органдары тікелей президентке есеп береді, оларды шартты түрде екі санатқа бөлуге болады: елдің ұлттық қауіпсіздігіне жауап беретін министрліктер мен ведомстволар және ұлттық экономиканы дамытуға жауапты ведомстволар. Нарықтық қатнастарды дамыту және шаруашылық нысандарын ұлғайту шаралары бойынша, басқару құрылымының ұйымдастыруын жетілдіру қажеттілігі туындайды. Мұны төмендегінің есебінен жүзеге асырады:

- Құрлымды ықшамдау;
- Қайталанатын қызметті жою
- Артық штаттарды қысқарту.

Барлық басқару иерархиясы бойынша жауаптылықты, құқықты және атқару қызметін нақты шектеу. Республикалық, аймақтық және бағдарламалық бағытта ортақ міндеттерді шешу кезінде басқару органдарының өзара іс-қимыл жасауы мен үйлестірілуі.

Қазақстанда қазіргі уақытта он жеті министрлік, мемлекеттік комитеттер, сондай-ақ басқа да ведомстволар жұмыс істейді. Елдегі экономикалық жағдайға жауапты, маңызды органдардың қатарына: Қаржы министрлігі, экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, елдің Ұлттық банкі жатады. Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне елдің экономикалық дамуына, келешекті болжау, индикативтік жоспар (кешенді ауыл шаруашылығы бағдарламасын дамыту), экономиканың кейбір маңызды бағыттарын дамыту бойынша мақсатты бағдарламаға негізделген, құжаттарды әзірлеу бойынша қызмет жүктелген.

Қаржы министрлігінде мемлекеттің бюджеттік қаржысын жандандыратын және іс жүзінде бөлетін Қазынашылық бар, ол бюджеттің кассалық орындалуына бақылау жүргізеді. Елдің Ұлттық банкіне елдегі ақша-кредит жүйесінің жағдайына, теңгенің бағамына, оның тұрақтылығына жауапкершілік жүктеледі, сонымен бірге, валюталық реттеу мен валюталық бақылауды жүзеге асырады. Сондай-ақ инфляция мәселесі де Ұлттық банк пен Қаржы министрлігінің құзыретіне енеді.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының да маңызды мәні бар – соған сәйкесті аймақта істің жағдайына жергілікті өкілетті органдар (мәслихаттар) және атқарушы биліктер (әкімиаттар) жауапты. Алғашқысы жалпы мемлекеттік мүдденің есебінен және тұрғындардың қалауын білдіріп, оларды жүзеге асырудың шараларын белгілейді. Екіншісі атқарушы билікте жалпы мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді.

## Мемлекеттік реттеудің тұжырымдамасы

Мемлекеттік реттеу ғылыми негізделген тұжырымдамасыз мүмкін емес.

ЭМР-ң тұжырымдамасы – бұл макроэкономикалық, құрылым–дық –инвестициялық және қоғамның шаруашылық қызметін үйлестірудің нарықтық моделін және жоспарлы басымдылығын оңтайлы пайдалану кезіндегі сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыру бойынша тиімді және практикалық бағытын әзірлеу. Осы тұжырымдаманы жүзеге асыру кезінде төмендегілерді анықтау қажет:

- басымдық мәселелері;
- мемлекеттік реттеудің сипаты мен деңгейіне сәйкес келетін, құралдардың жиынтығы.

Мына негізгі сегіз құралды атап өтеміз:

- болжау және стратегиялық жаспарлау;
- қаржылық-бюджеттік реттеу;
- салықтық реттеу;
- ақша-кредиттік реттеу;
- бағалық реттеу;
- кедендік-баж реттеуі;
- нормативтік-трафиктік реттеу;
- әкімшілік-құқықтық және лицензиялық реттеу.

# Келешектегі экономикалық даму көрсеткіштерінің негізделу әдістері

## Әлеуметтік-экономикалық дамудың шешімін қабылдау барысында негізделуі көрсеткіштердің әдістері

экономиканың математикалық, құрылымдық-логикалық модельдері

келешектегі экономикалық көрсеткіштердің баланстық және факторлық әдістері

«мақсат ағашы» құралын пайдалаумен әлеуметтік-экономикалық дамуды мақсаты белгілеудің әдістерін әзірлеу

әлеуметтік-экономикалық даму түрлерінің оңтайлы әдістері және осы негізде мемлекет тарапынан басымды қалдау бағытын айқындау

салааралық баланс – келешектегі экономикалық салалық құрылымының негіздеме құрал ретінде

аймақаралық байланыстарды ұтымды қамтамасыз етудің баланстық әдісі

## Экономиканы мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесін пайдаланудың ерекшеліктеріне тоқталамыз

Дамыған елдердегі шетел тәжірибесі біз үшін тұжырымдамалық негіздердегі анықтауда бағдар болып табылады, бірақ әлеуметтік-экономикалық дамуда шетел моделін біздің жағдаға абсолютті және өзгеріссіз көшіріп алу міндетті емес.

Бұл бірнеше себептерден мүмкін емес:

- Республика геосаяси, табиғи-экономикалық, әлеуметтік-демографиялық, этномәдени және басқа да ерекшеліктермен айрықшаланады;

- Қазақстан жағдайында директивтік-жоспарлы экономикадан (ұқсастығы әлемде жоқ ) нарықта көшу үдерісі өтуде;

- Басқару мен шаруашылық жүргізу жүйесінде көп жағдайда негізгі өзгерістер тиісті негіздерсіз өтеді және «төңкерісшіл» сипатта болады, онда нарықтық экономикалы елдердегі мемлекеттік реттеу шаралары, олардың эволюциялық дамуының «өнімі» болып табылады.



# МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ РЕТТЕУ ЖӘНЕ БАҒА МОНИТОРИНГІ

## Монополиялар және мемлекеттік реттеу

Нарық экономикасының басты қозғаушы күші – тауар өндірушілердің бәсекелестігі. Бәсекелестік өндірушілердің (сатушылардың) тауарлар мен қызметті тұтынушылар (сатып алушылар) үшін күресі ретінде көрінеді. Егер жалпы бәсекелестік қатнастар туралы айтылса, онда бәсекелестік қатнастары кез келген экономикалық жүйеге тән. Олар ресурстардың шектеулілігінің болмай қоймайтын салдарлары болып табылады. Ресурстар шектеулі болғандықтан, шарушылық жүргізуші субъектілер оларға ие болу үшін күресуге мәжбір болады.

Мемлекеттік араласудың қажеттілігін атай отырып, біз бәсекелестік күрес монополияның пайда болуы факторларының бірі болып табылатынын атап өткенбіз. Монополияның дамуы экономиканың бәсекелестік бастауларына тосқауыл қояды. Яғни, бәсекелестіктің бастауын арнаулы қолдау және монополиялық тенденцияны шектеу қажеттілігі туындайды. Сөйтіп, монополия бәсекелестікке қарама-қарсы жұмыс істейді. Алайда, таза монополия өмірде сирек кездеседі. Нарық-та бір фирманың билік жүргізуі жеткілікті түрде шартты болады. Шынайы өмірде белгілі бір салаларда ірі фирманың шектеулі саны болғанда, олигополия жиі кездеседі. Жетілген бәсекелестік үшін фирмалар көп болса және оның әрбірі монополиялық биліктің бір шағын бөлшегіне ие болса, оңтайлы болар еді. Мұндай жағдай монополистік бәсекелестік деп аталады, оған сатып алушылар мен сатушылардың көптігі, бағалық кемсітушіліктің болмауы, капиталдың құйылуының еркіндігі сипатты болады.

## **Мемлекеттік монополияға қарсы саясаты. Монополистік тенденцияны зерттеу және қолайлы бәсекелестік ортаны құру.**

Мемлекет тиімді нарықтық ортаның қалыптасуына мүдделі. Ол экономиканы мемлекеттік реттеу бағыттарының бірін құрайтын монополияға қарсы саясат жүргізеді және қалыпты бәсекелестік ортаны қалыптастыруға бағытталған шаралар кешенін көрсетеді.

Мемлекеттің монополияға қарсы саясаты бәсекелестік нарығында «ойын ережесін» белгілеуге шақыратын, бірінші кезекте, монополияға қарсы (трестке қарсы) заңдар жиынтығын жүзеге асырады. Әрекеттің нақты бағдарламасын үкімет әзірлейді және жүзеге асырады.

Мемлекеттің монополияға қарсы саясаты – тиімді нарық экономикасы мен бәсекелесті нарықтық ортаны қалыптастыру мақсатын жүзеге асыратын заң актілері мен әкімшілік шараларының жүйесі.

*Монополияға қарсы саясат*

```
graph TD; A[Монополияға қарсы саясат] --- B[монополиясыздандыру]; A --- C[кәсіпкерлік монополияны реттеу]
```

монополиясыздандыру

кәсіпкерлік монополияны  
реттеу

Бірінші бағытқа төмендегілер жатады:

- жаңа фирма құру тәртібін мүмкіндігінше жеңілдету;
- бірігу тәртібіне және фирмалардың жұтылуына мемлекеттік бақылауды енгізу, кейбір жағдайда, бірігу мен жұтылудың мемлекеттің рұқсатымен болған кезінде, тәртіп орнату;
- ерекше күрделі жағдайда (бұл көбінесе табиғи монополияға қатысты) баға мен еңбекақыға тікелей мемлекеттік бақылау (бұл белгілі бір кездері теріс пайдалану туындаған жағдайда);
- бағалық кемсітушілік саясатын жүргізгені үшін фирманы жазалау;
- кішірейту жүргізу.

Кәсіпкерлік монополияның қызметін реттеудің екінші бағытын қарастыра отырып, реттеудің дәстүрлі объектісі табиғи монополияның қызметі болып табылатынын қадағалау қажет. Белгілі бір тауарлар мен қызметтің барлық рыноктық ұсынысы бір сатушының қолына жинақталған болса және бәсекелестік ортаны құру тиімді болмаса, табиғи монополия орын алады. Көлем нәтижесінің зорлығы сондай, екі немесе бірнеше бәсекелесті фирмаларда пайда болуы мүмкін шығындармен салыстырғанда, өндірістің аз шығыны жағдайында бір фирма ұсынысты толық қанағаттандыруы мүмкін.

Табиғи монополияның қызметін реттеу жоспарлы экономикадағы тәрізді, қағидалар негізінде жүзеге асады: мемлекеттік басқару органы (Монополияға қарсы комитет) немесе ығалар бойынша басқарма баға мен тарифтер деңгейін, сондай-ақ, ұсынылатын тауарлар мен қызметтің негізгі сұрыпталымы мен көлемін сипаттайтын параметрін анықтайды.

Қазіргі заманғы экономикалық ғылым мен заң қабылдауға болады деп есептейтін және сондықтан қуғындамайтын монополияның нысандары болады.

Бәрінен бұрын, рыноктың төмендегі есебінен елеулі үлесін монополияға фирма жазалануға жатпайды:

- сирек кездесетін тауарлар шығару;
- тиімді маркетингі;
- бағаға шығынды елеулі төмендетуге мүмкіндік беретін жаңа технологияны әзірлеу мен игеруде және осы негізде пайдадан қағылмай, тауарларды мүмкіндігінше төмен бағада сату.

Табиғи монополияға бәрінен бұрын көлік, байланыс, газ-сумен қамтамасыз ету, электр тораптары және әуе тасмалдауы кәсіпорындары жатады. Табиғи монополия үшін, өнім бағасы орта шығынға теңелгенде, әдетте, «әділ табыс» белгіленеді. Бірақ мұндай жағдай ережедегідей, монополист-кәсіпорынға шығынды төмендетуге ынталандыруға запал әкеледі.

Табиғи монополияны мемлекеттік реттеудің мақсаты екі жақты: бір жағынан ол рынокта монополисттік жан-жақты билеуінен бағаны реттеу жолымен қоғамды қорғау үшін, екінші жағынын, оларды тиімді дамуына жағдайды қамтамасыз етеді.

Табиғи монополияны реттеу кезінде келесі шаралардың құрамдастыруы қолданылады:

- өнімге белгіленген бағаны бекіту;
- баға өзгерістерінің шектеулі коэффициентін бекіту;
- еркін бағаның тәртібін бекіту.

## Мемлекет тарапынан тұрақты көңіл аудару мен реттеудің объектісі баға болып табылады

Бағалар – тұтынушылардың, өндірушілердің, импорттаушылардың және экспорттаушылардың мүддесі тоғысатын, экономикалық және әлеуметтік-саяси өмірдің сыни нүктесі. Бағаларға ықпал ету ЭМР-дің ғаламдық мақсаттарына, жағдаят және құрлымдық саясат мақсаттарына, инфляцияға қарсы күресте әлемдік рынокта ұлттық бәсекелестік қабілетін күшейтуге және әлеуметтік дағдарысты жұмсартуға қызмет етеді.

Бағаларды бақылаумен орталық статистикалық басқару органы айналысады. Бағалардың қозғалысын жеке зерттеуді кәсіподақтардың ғылыми-зерттеу орталығы, халаықаралық ұйымдардың тапсырысымен арнаулы комиссия жүргізеді.

Мемлекеттік органдар мен әлеуметтік әріптестер тарапынан бағаны бақылаудың басты мақсаты – еңбекақы мен зейнетақының жыл сайын атаулы көтерілуінің индексын анықтау үшін, өмір сүру құнының өсуін өлшеу, сондай-ақ өндірістің шығынына және ұлттық бәсекелестік қабілетіне бағаның өсуінің ықпалын анықтау.

Мемлекет сыртқы саудада бірігу одағына кіріп, есептік мөлшерлемені өзгертіп, салықты құбылтып, ақша шығаруды жүргізіп, сандық және кедендік шектеуді алып немесе енгізіп, бағаға ықпал жасауы мүмкін. Қандай мақсаттарға қызмет етпесін, тәжірибе жүзінде барлық мемлекеттік реттеуші акциялары бағаға жанама ықпал көрсетеді.

Мемлекеттің араласуы көтерілген өтелім шегерімінің өзіндік құнын қосу арқылы және басқа қорға аудару арқылы өндіріс шығынын өсіруге мемлекеттік органдардың ықпал шара қолдану жолымен жүзеге асырылады. Нәтижесінде, тұтас салаларда «шығындар бағаны қысымға алатын» жағдай туындайды, және өндіріс шығындарының есеп айырысуы (шынайы емес) үкіметтің жарияланған жеңілдігі нәтижесінде барлық кәсіпорын салаларында өндіріс шығындары жоғары болатыны сондай, бағаны көтермесе болмайтын жағдай туады. Өйткені жеңілдік барлық салаға тарйтындықтан, ішкі салалық бәсеке қолайлы жағдаят жағдайында бағаның өсуі үшін жеткілікті кедергі бола алмайды. Бағаның өзгеру үдерісіне тікелей мемлекеттің араласуы акциздік тауар деп аталатындарға, бағаны белгілеудің мемлекеттік саясаты болып табылады. Бағаның қалыптасуына мемлекеттік демеу қаржы тікелей ықпал етеді. Бағалық демеу қаржы өндірушіге немесе тұтынушыға арнаулы төлем беру жолымен бағаны төмендетуді қарастырады. Бағаға тікелей әсер ету және бағаның жетекшілігі тауар мен қызметті тұтынудың мемлекеттік үлесі елеулі салада, мысалы, өнеркәсіптік әскерей саласында, құрлыстың кейбір салалық бөлімдерінде орын алады.

Үкіметтік органдар, жеке фирмалан белгілі бір тауарлар мен қызметтің түрлерін тұрақты сатып алушы немесе тапсырыс беруші болып, әріптеспен келсімшарт бойынша, кейін сала үшін базалық болып келетін «нақты бағаны» белгілейді.

Бағаны реттеудің тиімді құралы – қосымша құнға салық болып табылады. Бұл салықты өндіруші тауар мен қызметтің бағасына қосылады және бұл салықтың мөлшерлемесінің саралау өзгерістері тікелей бағаға ықпал етеді.



ЭМР-дің негізгі бағыттары сыртқы сауда бағасына мемлекеттік ықпал жасау болып табылады. Экспортты мемлекеттік көтермелеу, экспорттаушыларды салықтан босату, кейбір елдерде-экспорттық демеу қаржы, жеңілдетілген көліктік тарифтер мен кредиттер белу әлемдік рынокта бағалық бәсекелестік жағдайында елеулі түрде көрінеді. Мемлекеттік шахталарда алынатын, минералдық шикізатқа, мемлекеттік электр станциясынан алынатын электр энергиясына, теміржол және пошта-телеграф тарифтеріне баға тағайындау – мемлекет секторындағы қызметтерге және тауарларға бағаны белгілеу мысалдары. Жасанды төмендетілген баға мен тарифтер жеке шаруашылық – тағы өндіріс шығынын азайтуға және жасанды төмендетілген пайдалықтың немесе мемлекеттік меншік объектілерінің аздығы есебінен ұлттық бәсекелестік қабілетті көтеруге мүмкіндік береді. Мемлекет секторына бағаны белгілеу немесе оларды көтерілу шегін бекіту – әдетте әкімшілік-шаруашылық реттеудың құралы. Ол сирек қолданылады және ережедегідей, рыноктық шаруашылық жағдайында ұзақ мерзімді, тіпті орта мерзімді аспектіде тиімсіз болып табылады.

**Қосымша ақпарат.** әлем елдерінде жеткізушінің басым жағдайы анықталатын, түрлі сауда мәні белгіленеді: бұл Германияда бір кәсіпорын үшін  $\frac{1}{3}$  рыногы, екі немесе үшеуі үшін  $\frac{3}{4}$ -тен көбі; Жопонияда-бір кәсіпорын үшін  $\frac{3}{4}$ -тен көбі және екі кәсіпорын үшін  $\frac{3}{4}$ -тен көбі; Францияда бір кәсіпорын үшін ең төмен деңгей- $\frac{1}{4}$ .

# ЕЛДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН ЖОСПАРЛАУ, БАҒДАРЛАМАЛАУ ЖӘНЕ БОЛЖАУ

## Мемлекеттік экономикалық бағдарламалау. Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен нысаны

Дамудың ұзақ мерзімді басымдылығын алға жылжытуға рыноктың мүмкіндігі жоқ, сондықтан көптеген дамыған елдерде экономикалық саясаттың басымдылығын және стратегиялық өсуді жоспарлауды мемлекет өзіне алады. Мұндайда ол әдетте ғалымдар мен сарапшылардың көмегіне сүйенеді. Мысалы, Германияда Орталық сарапшылар кеңесі әр жылы парламент пен үкіметке экономиканың жағдайы, оның дамуының келешегі, басымдылығы туралы болжамды баға болатын баяндама ұсынады. Жапонияда және бірқатар басқа да жаңа өндірісті елдерде электрондау мен технологины ақпараттандыру аясында мемлекетпен ұсынылған басымдықтар таяу арадағы он жылдықта экономиканың дамуын белгіледі.

Мемлекеттік экономиканы бағдарламалау – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын мемлекеттік реттеудің ең жоғарғы нысаны. Мемлекеттік бағдарламалау бір уақытта экономика дамуының ғаламдық мақсатын қамтамасыз ету үшін экономикалық ресурстарды кешенді пайдалану әдісі болып табылады.

Бағдарламалау – жоспарлаудың ең көп тараған нысаны. Өңгіме, әлеуметтік-экономикалық даму мен мақсатты бағдарламаның кешенді жоспары туралы болып отыр. Жоспарлау, болжау және бағдарламалау – бұл ЭМР-дің құралдары. Бағдарлама – директивтіктің белгілі бір дәрежесіне тән нақты құжат.

Бағдарламада анықталатындар:

- реттеу мақсаты;
- мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін, экономикалық саясатың нұсқалары;
- жобаларды, олардың бюджетін, басқару жүйесін және бағдарламаны жүзеге асыруды бақылауды ресурстық жабу;
- экономикалық саясаттың оңтайлы нұсқасын таңдау критерийі.

Бағдарламаға ұлттық экономика дамуының ішкі және сыртқы шарттарының төтенше өзгерістері жағдайында реттеудің резервтік нұсқасын жиі қосады.

Бағдарламалар **бір** және **көп мақсатты**, **аймақтық**, **күрлымдық**, **ұлттық** және **интернационалдық** сипатта болуы мүмкін.

Экономиканы жоспарлау мен болжауда **жүйелі-кешенді** және **бағдарламалы-мақсатты** тәсіл деп бөліп көрсетеді.

Жүйелі-кешенді тәсіл (ЖКТ) ғылыми негізделу және тиімді бақару қағидасы бойынша құрылады.

ЖКТ-нің мәні жалпы теориялар жүйесінің талаптарымен қортындыланады: әр объекті кейбір күрделі жүйе және одан да күрделі жүйелер элементтері ретінде қарастырылады.

Бағдарламалық-мақсатты тәсілдеме (БМТ) мақсатты бағыттың, белгіленген шаралардың кешенділігін, тапсырманың мекен-жайын, міндеттілігін және шараларды жүзеге асыру мерзімінің белгіленгенін, ресурстардың негізгі көздерінің қатаң бірлігін көрсетеді.

Сөйтіп, БМТ кезінде мыналар анықталуы тиісті:

- Мақсат;
- Кешенді тәсіл;
- Мекен-жайы;
- Орындалу міндеттілігі;
- Шараларды жүзеге асыру мерзімі;
- Ресурстардың негіздері.

Бағдарламалық-мақсатты тәсілдеменің ерешеліктері:

- бағдарламалық тәсілдеме жүйелі-кешендімен тығыз байланысты, оны көбінесе жеке мәселелерді шешуде кешендіге қосымша ретінде қарастырады;
- бағдарламалау үдерісінде өткізіледі;
- мақсатты кешенді бағдарламаны құрастыру үшін пайдаланылады.

Бағдарламалық әдіске талаптар:

- проблемаларды нақты анықтау;
- мақсатты бір жақты қалыптастыру;
- қойылған мақсатқа жету үшін қажетті, ресурстар мен мерзімнің жан-жақты кешенді байланысын қамтамасыз ету.

## Тәсілді өткізу үдерісі:

- мақсатты ғылыми анықтау;
- мақсатқа жету нұсқасын әзірлеу;
- қойылған мақсатта өткізу үшін талап етілетін құрлымның ресурстары мен көлемін анықтау;
- жүйенің қызмет ету моделін әзірлеу;
- бірнеше баламалар арасынан базистік шешімді таңдап алу үшін критерийді табу.

Экономиканы реттеуде қоғамның экономикалық өмірінде мемлекеттің қатысуы маңызды нысан болып табылады.

Реттеу – мемлекеттің экономикаға оның қызмет тәртібін қолдауға бағытталған ықпалы.

Қазіргі заманғы нарық шаруашылығы экономикалық (жанама) және әкімшілік (тікелей) әдістермен реттеледі.

Экономикалық реттеушілердің басымдық мәні болады. Олар нарықтың қызмет ету тетіктеріне айтарлықтай оралымды кірігеді және мемлекетке экономикалық үдеріске елеулі ықпал етуге мүмкіндік береді.

Әңгіме мемлекеттік реттеу туралы болғандықтан, деңгейлі анықталған экономикалық және әкімшілік әдістерді шектеу шартты сипатта болады: кез келген экономикалық реттеуші әкімшілік ету элементтеріне ие, өйткені ол әкімшілік шешімі арқылы жүзеге асады және соған сәйкесті мемлекеттік органның бақылауында болады. Екінші жағынан, әкімшілік реттеушіде, оның іс-әрекеті экономикалық қатнастарға қатысушылардың тәртібіне жанама әсер еткендіктен, экономикалық реттеудің бір сәті бар. Мысалы, егер мемлекет ресурстар бағасына бақылау жасауға тырысса, ол өдірушінің қызмет тәртібін өзгертеді және өндірістік бағдарламасын қайта құруға, инвестицияны қаржыландыруға жаңа көдерін пайдалануға мәжбірлейді және т.б. Алайда, кейбір ұқсастыққа қаоамастан, экономикалық және әкімшілік әдістер, дегенмен өзінің әсері бойынша қарама-қайшы болып табылады. Әкімшілік реттеуші таңдау еркіндігін елеулі шектейді. Экономикалық керсінше, экономикалық қатнастарға қатысушылар үшін қосымша ынталандыру жасап, оны кеңейтуі мүмкін.

Мемлекеттік реттеудің экономикалық әдістері екі негізгі нысанда көрінеді: кредиттік және бюджеттік-салықтық. Бұл нысандардың өз бетінше мәні бар, оның әрқайсысы өзіндік құралдар иеленеді.

Кредиттік-қаржылық саясаттың басты құралдары міндетті резервтердің мөлшері, банкаралық кредит мөлшері, бағалы қағаздар рыногында Орталық банктің мемлекеттік облигацияларымен операциялар болып табылады. Бюджет-салық саясатының жан-жақты және қолданбалы құралы салық жеңілдіктері болып табылады. Салықтық реттеуге мемлекеттік шығындар мен мемлекеттік борыштарды басқару әдістері (пайыз мөлшері мен облегацяны шығару мерзімі) қосылады.

Экономикалық әдістер нарық экономикасының қарқынды дамуы мен тиімді қызмет тәртібі қолданумен байланысты, шешуші міндеттерді шешу үшін қолданылады. Мұндай міндеттерге кезеңге қарсы, құрылымдық реттеу, аймақтық саясатты жүзеге асыру; экономикалық өсудің жаңа сапасын қамтамасыз ету; елдің сыртқы экономикалық қызметін дамыту жатады.

Кредит-қаржы саясатының құралдарын пайдалану мемлекетке инфляцияға қарсы тұруға, ппайыздық мөлшернемені реттеуге, солар арқылы – инвестициялық үдерісті, өндірісті және жұмыспен қамтамасыз ету құралдарын пайдалануға мүмкіндік береді.

Сабура Окита былай деп жазған: «Шенеунік даналығы, телефон арқылы немесе ведомстволық нұсқау арқылы экономикаға билік жасауда емес, онсыз кез келген әс жойылып кететін салық жеңілдігі және инвестициялық саясатпен басымды салаларды дамытуға, салалық баланстың келешекті тұжырымдамасын жасауға, бісекелестікті қолдауға көмектесу болып табылады».

Салық саясаты барлығынан бұрын, табыстарды қайта бөлуді және өндірістің дамуын ынталандыруды ұйымдастыруға бағытталады. Салық қызметтері – қазыналық және экономикалық.



Әкімшілік әдістер бес бағытта қолданылады:

- Монополиялық рынокты тікелей мемлекеттік бақылау. Рынокты әкімшілік реттеу – қатаң мөлшерлемелі акциздік салықты енгізу, бағаны жоспарлауды қолдану, мемлекеттік монополияға қатысты, рыноктағы үйлесім икемсіз сұраныс тауарларын әкімшілік реттеу;
- Өндірістің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Өндірістік және экономикалық қызметтің барлық түрлерін жүргізу үшін және оларды бақылау үшін қажетті стандарттарды әзірлеу;
- Тұрғындар өмірінің ең аз шектеулі параметрлерін анықтау және қолдау;
- Халықаралық экономикалық қатынастар аясындағы ұлттық мүдделері қорғау.

Сөйтіп, осы немесе басқа әдістер қойылған мақсаттарға жету құралы, кері көріністі әсерлерді басатын, өзіндік сипатты өтелім болып табылады, деген қорытынды жасауға болады.

Ұлттық болжау ұлттық экономиканы дамыту бағыты туралы ғылыми негізделген жүйенің қалыптасу үдерісін көрсетеді. Оның мазмұны ұлттық экономиканың дамуының мүмкін түрлі нұсқаларының спектрін анықтауда оңтайлы шешім қабылдауға байланысты.

Болжаудың бірнеше анықтымалырын ұсынамыз:

Болжау - әлеуметтік-экономикалық үдерістерінің дамуын ғылыми алдын-ала көру қағидалары, әдістері туралы ғылым.

Болжау – объектінің жағдайының ғылыми негізделген гипотезасы.

Болжау – стратегиялық жоспарлаудың ғылыми сатысы; алдағы кезеңдегі экономиканы реттеу бойынша үкіметтің атқарымдық шешімдері және жоспарлы ғылыми базасы.

Ұлттық болжаудың мақсаты мыналар:

- Экономиканың даму үрдісіне ғылыми талдауды қосатын, ғылыми алғышарты құру;
- Қалыптасқан үрдіс, белгіленген мақсаттар ретінде есептелетін, алда тұрған қоғамдық ұдайы өндірісті, алдын ала көре білу нұсқасы;
- Қабылданған шешімдердің мүмкін нәтижелерін бағалау;
- Басқару шешімдерін қабылдау үшін әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық даму бағытын негіздеу.

Әлеуметтік-экономикалық болжау объектілері, уақытша интервалдары, атқарым белгілері, тәсілдері және түрлері бойынша жіктеледі.

Бірақ мұндай жіктеу шартты сипатта болады.

Объектілер санатында халық шаруашылығының, салааралық кешендердің, аумақтардың және салалардың алғашқы буындары көрінеді.

Аралықтары бойынша болжаулар жедед (ай, тоқсан), қысқа мерзімді (1-3 жыл), орта мерзімді (5-7 жыл), ұзақ мерзімді (15-20 жыл) және алыс мерзімді (20 жылдан жоғары) болу мүмкін.

Атқарымдық қызметтері бойынша- іздістіру және нормативтік.

Бұл болжаулардың арасындағы айырмашалық, олар екі түрлі мәселелерді шешуіне байланысты қорытындыланады. Іздістіру болжамдары мемлекеттік ықпал етудің ешқандай шарасы қабылданбаса, не болады және егер өткен және бүгінгі көрсеткіштерді үдерісі келешекте тараса не болады?» деген келешек деген сұрақтарға жауап береді.

Нормативтік болжам: « Келешекте тапсырылған міндетке жету үшін, осы кезеңде не өзгерту қажет?» деген сұрақтарға жауап береді.

Сөйтіп, іздістіру болжамына базалық көзқарастың шешуші маңызы болады, ал нормативтік болжам үшін – мақсатты маңызы бар.

Болжау тәсілдерінің арасында сарапшылық, экстрополяциялық және экономикалық-математикалық (модельдеу) түрлерін бөліп алады.

**Болжау түрлері:** экономикалық (инфляция деңгейі, еңбек өнімділігі), табиғи ресурстардың ( әлемдік мұхиттар ресурстары, энергияның кейбір түрлері және т.б.), демографиялық, әлеуметтік даму (мәдинет, өнер).

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жоспарлау. Жалпы түрде жоспарлау, бастапқы ақпараттарды өңдеу және өзіне таңдауды қосатын және мақсаты ғылыми дайындау, қаржыны анықтау мен оған жету жолын қарастыруға негізделген, дайындау үдерісі мен қабылданған басқару шешімін көрсетеді.

Жоспарлау жасалу нысаны бойынша директивті, индикативті және стратегиялық болады.

**Индикативті жоспарлау** – бұл нарық экономикасының қызметіне ықпал етудің негізгі әдістері, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатын жүргізу құралы. Ол мемлекет шараларының ықпалынсыз қиын тиетін, экономикалық өмірдің көптеген мәселелерін шешуді қамтамасыз е... теді. Индикативті жоспарлау парпметрлердің (индикаторлардың) жүйесін қалыптастыру үдерісін көрсетеді. Бұл серпін, құрылым, экономиканың тиімділігі, қаржы жағдайы, ақша айналымы, тауарлар рыногы және бағала қағаздар, баға қозғалысы, жұмыспен қамтамасыз ету, өмір сүру деңгейі және т.б. тәрізді көрсеткіштер болуы мүмкін.

Индикативтік жоспарлау нарық экономикасының жағдайы мен мемлекеттік реттеу әдістерінің бүкіл әлемде кең тарауы үшін ең қолайлы болып табылады.

# Қолданылған әдебиеттер:

- 1) Назарбаев Н. А. «Қазақстан-2030»-1997 жыл
- 2) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа Жолдауы, Астана қ., 2009 жылғы 6 наурыз. Дағдарыстан - дамуға Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауы
- 3) [NUR.KZ](http://NUR.KZ). Экономиканы мемлекеттік реттеу
- 4) [www.government.kz](http://www.government.kz). ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ
- 5) "Егемен Қазақстан"2004 жылғы 28 сәуір № 109-112
- 6) <http://law.admtymen.ru> А. А. Максимова
- 7) Мельников В.Д.Ильясов К.К. «Финансы».-Алматы 2001

*Назар аударларыңызға рахмет.*